

Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін және цифрлық күн тәртібін одан әрі дамыту туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2023 жылғы 3 ақпандағы № 5 Өкімі.

1. "Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ағымдағы жай-күйі және даму перспективалары туралы" 2022 жылғы 25 ақпандағы № 2 өкімін іске асыру барысы туралы" Еуразиялық экономикалық комиссияның баяндамасы назарға алынсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі - Одақ) мүше мемлекеттермен бірлесе отырып:

2023 жылдың I тоқсанында Одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберінде жұмысты қайта ауқымдау, сондай-ақ Одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберінде бастамашылықтарды қарау және іске асыру рәсімдерін жетілдіру туралы мәселе әзірлесін;

2023 жылғы II тоқсанда осы тармақтың екінші абзацы ескеріле отырып, Одақтың органдарының актілеріне өзгерістер енгізу туралы актілердің жобаларын әзірлесін;

2023 жылғы II тоқсанда бизнес пен мемлекет арасында өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге бағытталған, Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің сенім білдірілген үшінші тарабының қызметінің куәландырушы орталығын пайдалану мүмкіндігін әзірлесін;

Сенім білдірудің трансшекаралық кеңістігін дамыту мақсаттарында 2023 жылғы III тоқсанда Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамаларының талаптары және Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Мүше мемлекеттердің шаруашылық субъектілерінің атқарушы өкімет органдарымен трансшекаралық ақпараттық өзара іс-қимылы кезінде, электронды цифрлы қол қоюдың (электронды қол қоюдың) ұлттық криптографикалық стандарттарын пайдалану туралы" 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 3 шешімінің 4-тармағын іске асыру ескеріле отырып, Одақтың сенім білдірілген үшінші тарабының сервистерінің және интеграцияланған ақпараттық жүйесінің деректер берудің қорғалған желісінің дайындығын қамтамасыз етсін.

3. Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2022 жылғы 25 ақпандағы № 2 өкіміне қосымшада белгіленген мерзімдерді сөзсіз сақтау қажеттілігі негізге алына отырып, Одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері Еуразиялық экономикалық комиссиямен бірлесе отырып, Одақ шеңберінде жалпы процестерге қосылу үшін қажетті іс-шараларды іске асыруды уақтылы қамтамасыз етсін.

4. Ішкі нарықтар, ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша Алқа мүшесі (Министр) Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің

кезекті отырыстарында Еуразиялық экономикалық комиссияға осы өкімнің 3-тармағын іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынсын.

5. Осы өкім ол Одақтың ресми сайтында жарияланған күннен бастап, 10 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз Республика	Ресей Федерация
Республикасынан	Республика	Республика	сынан	сынан
ДЕПОЗИТАРИЙ	сынан	сынан	ДЕПОЗИТА	ДЕПОЗИТА
	ДЕПОЗИТА	ДЕПОЗИТА	РИЙ	РИЙ
	РИЙ	РИЙ		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК